

ШАХАН МУСИН,
актер, Қазақстанның халық артисі

ҚОШ, КҮЛӘШ!

– Дүниеден Күләш қайтпас сапар шекті,
Жүрекке қара хабар ызғар төкті.
Аққудың гәкку әні тұншығар ма,
Япырмау жоғалттық па Қыз Жібекті?!

Талтүсте күңгірт тартып терезесі,
Шөккендей еңселі үйдің кенересі.
Күмілжіп, қарт домбыра тына қалды
Қапыда үзілгендей бір пернесі.

Елге арнап өмірінің мөлдір шағын,
Тербеткен әдемі әнмен гүлдің жанын,
Ерте ұшқан орманынан ерке бұлбұл,
Қош, Күләш, торқа болсын топырағың!

Қазақ әдебиеті. – 1957.– №24. – 2 б.